

**Бастауыш сынып оқушыларының
білім сапасын көтеру жолдары**

ТАГАЕВА ВЕНЕРА АЛМАСОВНА
Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
"Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп гимназиясы"
Бастауыш сынып мұғалімі

Дүниеде мыңдаған мамандық түрі бар. Солардың барлығы адам үшін, адамзаттың өсіп-өнуі үшін керек. Сол мамандықтардың ішінде адамды тәрбиелеу — ең жауаптысы. Осы мамандық туралы Ы. Алтынсарин «Ұстаз — мектептің жүрегі» деп текке айтпаса керек. Бұған лайық болу — үлкен абырой, басты борышым деп санаймын. Бойына — қуат, жүрегіне — жарық жігер беріп, өрге сүйрейтін де, жанына — азық, өміріне — өзек боп төрге сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет.

Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Жан-жақты сауатты жеке адамның дамуы үшін теориялық білімді тәжірибеде тиімді пайдаланумен үйлестіру үшін кең мүмкіндіктер берілуде. Бұл тұрғыда бастауыштың негізгі міндеті — бала қабілетін ашып, дамыту, оқуға деген іскерлігі мен ықыласын қалыптастыру.

Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын алып отыр. Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан-жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу. Әрине, мен де өз тәжірибемде әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолданамын. Бірақ оқушыларды білімді игеруге біраз проблемалар туындайды.

Солардың ішінде:

- оқыту процесінде өздігінен жұмыс орындаулары төменгі деңгейде;
- берілген тапсырманы дұрыс қабылдамау;
- берілген тапсырманы толық жүйелі түрде орындамау;
- алынған білімдерін басқа салаларда қолдана алмауы;

Жоғарыда аталған жағдаяттарды ескеріп, мұндай жұмыстарды іске асыру үшін оқушыларды өз бетінше ойлана білуге дағдыландыру, ой түюге, қорытындылар жасай білуге машықтандыру, өздігінен жұмыс жүргізу қабілеттерін дамыту — қазіргі кезеңде оқыту процесіндегі ең өзекті мәселеге айналдыруды дұрыс көрдім.

Тірнектеп жинаған тәжірибеммен алмасқым келеді.

Қазіргі заманғы педагогикалық ой-тұжырымда оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, білімді өздігінен табу, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, жаңа технологиялар мен ақпарат көзі компьютерді енгізе отырып, алдыма келесі мақсат қойған едім:

- Әр оқушыға оның мүмкіндіктерін ашып көрсету;
- Әр оқушының ынтасын, белсенділігін дамытып, білім сапасын арттыру;
- Өз бетімен дами алатын оқушыларды тәрбиелеу;
- Өз бетімен жұмыс жүргізе алатын оқушыларды орта буын мектепке шығару;

Оқу үрдісінде оқушының өз бетімен жұмыс істеуге қызықтыратын келесі ұйымдастыру формаларды қолданамын:

1. Сабақ үстінде — жаппай ынтымақтастық;
2. Сабақтан тыс — топтық, ұжымдық;
3. Сабақта, сабақтан тыс жұмыста — жұптық тапсырмалар;
4. Жеке жұмыс — жоспар бойынша дарынды балалармен жұмыс;

Оқушының өздігінен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыруда алғашқыда оқулықтағы кейбір жаттығулар негіз болады. Мысалы:

Қазақ тілі. Сызба бойынша сөйлем құрастыр.

Математика. Кері есептер құрастыр. т/б.

Осындай жұмыстарды іске асыруда, оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген әдіс — тәсілдер бірыңғай болмай, алмасып келіп отыруы керек. Бір типті жұмыстар баланы жалықтырып жібереді. Тек қана шығарма немесе мазмұндама ала берсең, бала дұрыс нәтиже де бермейді; немесе, математика сабағында мысал орындата берсең, есеп шығаруға қызығушылығын оята алмасаң, бала бойында өз бетімен жұмыс түгілі міндетті деңгейді де ұғындыру қиынға созады.

Өздігінен оқушының орындайтын тапсырмалардың түрлері:

- теріп жазу;
- бақылап белгілеу;
- үлгіге қарап орындау;
- құрастыру;
- сәйкестендіру;
- үйлестіру;
- түрлендіру;
- ВЕНН диаграммасымен салыстыру;
- Жоба бойынша жұмыс істеу; т/б.

Осы әдіс — тәсілдерді алмастырсақ, баланың пәнге, оқуға қызығушылығын оятып, қабілеттерін ұштап отырсақ, өз бетімен ізденуге талпыныс пайда

болады. Осындай игі жұмыстардың арқасында баланың өздігінен іздену, жұмыс істеуге талпыныстары күшейе түседі де, бойында белгілі бір қасиеттер пайда болады:

- іс жүзінде білімін қолданып көру;
- өз ойын жүйелеп жеткізу;
- талас, пікірталас, ой талас;

Содан соң, оқушыны аса қызықтыратын, қалауы мол әдіс — тәсілдерді жиі қайталау керек. Кейде балалар өздері сұраныс тудыратын кездері болады. Оған, әрине, келісу керек.

Өз сабақтарымда өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу мақсатымен көптеген әдіс — тәсілдерді қолданудамын.

1. Ж. Караевтың «Деңгейлеп саралап оқыту» технологияның элементтерін қолданамын. Сонда мынандай тиімді жақтары барын байқадым:

- оқушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;
- жеке дара қабілеттері айқындалады;
- оқушылар өз деңгейінде бағаланады;
- өз ойын жеткізуге үйренеді;
- жеңілден күрделіге көше отырып, жеке тұлғанын ойлау қабілетін жетілдіреді;
- сабаққа деген қызығушылығы артады;

2. Әр тақырып бойынша құрған деңгейлік тапсырмалар. **«Жаттықтыру парақтары»** арқылы оқушылардың білім деңгейлерін байқап, сол бойынша бақылаулар, тест жұмыстарын беріп отырамын. Тексеру кезінде әр оқушының жеке табысқа жетуін есепке алып отырамын.

Мысалы, Әдебиеттік оқу, «Туған жер». Қорытынды сабақ.

Әр баланың қабілетіне қарай тапсырма беріледі. Шығарма жазуға қабілетті, сөз байлығы мол оқушыларға шығарма жазуды тапсырамын; сурет салуға икемі бар оқушы туған ауылының табиғатынан сурет салуды; шығармашылықпен айналысатындарға кітапша жасауға беремін; қалғандарына — өлең жаттауға, табиғат көрінісін бейнеленген суреттер жинауға тапсырма бердім.

3. Бастауыш сатыда оқытудағы әдістемелік негізгі элементтерінің бірі — тірек сызбалар. Сондықтан, өз жұмысымда, сабақ берудің үстінде, ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолданып отырамын.

Осындай тірек сызбаларды қолдана отырып, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынамын.

4. Сабаққа деген қызығушылығын туғызу және арттыру үшін ойынды пайдалану орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түсіндіріп отырған материалды оқушыға зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Қызықты ойын түрінен

кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындарды сабақтың әр кезеңінде қолдануға болады. Мысалы:

Қазақ тілі, сөздік жұмыс.

Ойын «Санамақ»

Жаңа ойынды көрейік,

Аты оның «Санамақ».

Санап талдап берейік,

Әрбір атты даралап.

— Ал, санайық, санайық, ретімен әдепкі,

Құралдарды табайық, құрылысқа қажетті.

(Оқушылар айтылған сөздерді тақтаға түсіріп, жазуын есте сақтайды)

Математика, білімді тиянақтау.

Ойын «Теңге алу»

Карточкалар еденде шашулы жатыр. Қатысушылар белгі берілгеннен кейін оларды алып, тез және дұрыс шығаруға тырысады.

Әдебиеттік оқу, білімді тексеру.

Ойын «Жалғасын тап»

Мұғалім мақал-мәтелдің басын айтады, оқушылар жалғасын карточкалардан табады. Оқушыларды топтарға бөліп, жарыс та өткізуге болады.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілеттерін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар ойын — тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы демекпін.

5. Қазіргі кезде оқушылардың білімін тексеруге тест әдісі барлық пәндер бойынша қолданып жүр. Тест арқылы оқушы сұрақтың жауабын нақты білетін болады. Оқушылардың білім дәрежесін, жас ерекшеліктерін ескеріп, тесттерді өзім әзірлеймін. Тесттердің бірнеше түрін өз тәжірибемде қолданамын. (Дұрыс жауап таңдау тесті, сәйкестендіру тесті, қысқа мерзімдік тест, салыстыру тест).

6. Пәнге қызықтыра отырып, білім қорын кеңейту үшін мұғалім шеберлігі, шығармашылығы керек. Бұған басқасымен бірге оқушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастыру кіреді. Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру қалпының бірі осы топтық жұмыстың ерекшелігі:

- тәрбиелік мақсаттары іске асырылады, оқушыларды жауапкершілікке, бір-біріне көмек көрсетуге үйретеді;
- танымдық мақсаттары іске асырылады, оқушылардың еңбек өнімділігін көтереді, танымдық белсенділігі дамиды;
- өзара қарым-қатынастары қалыптасады;

· өзін-өзі, басқаларды бағалауда әділдік нығаяды;
Өз тәжірибемде қалай осы жұмысты ұйымдастыратынымды сабақ үзінділерінде көрсетейін:

Дүниетану, «Өсімдіктерді қорғау керек».

I топ: сурет салу арқылы тақырыпты көрсетеді.

II топ: өлең құрастырып тақырыпты ашады.

III топ: ойтолғау арқылы дәлелдейді.

Әдебиеттік оқу, А. Синявский «Құстар ынтымағы»

I топ: Бозторғайға сипаттама беру.

II топ: Кекілікке сипаттама беру.

6. Өз тәжірибемде оқушылардың жазбаша тілін дамытуға, білім сапасын көтеру үшін жазба жұмыстарын көбірек пайдаланамын. Мазмұндама, шығармадан басқа ойтолғау, эссе, ойдан шығарған өлеңнің орны ерекше. Себебі:

- өз ойларын жеткізе білуге үйретеді;
- сөздік қорын молайтады;
- өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландырады;
- ой — өрісін кеңейтуге жәрдемдеседі;
- оқуда кездескен қиындықтарды жеңе білуге үйретеді;

7. Білім берудегі талаптарға сай жобалар әдісін де қолданамын. Бұны қолдағанда балалар тек қана өздерінің іс — әрекеттерін жоспарлауды ғана қоймай, сол жоспарларын жүзеге асыру үшін жаңа әдістерді ойлап табады, бірнеше саладан алған білімдерін бір міндетті шешуге қолданады, табылған нәтижелерді талдап, болжаммен салыстырады. Осы талдаудың нәтижесі арқылы жаңа міндет қояды, жауапкершілікке тәрбиелейді, бастаған істі аяқтауға баулиды.

Осымен оқушылардың өздігінен жұмыс жасау қабілеті жоғарылайды, олардың танымдық белсенділігі арттылады, ұжымдық қарым-қатынастар арқасында қоғам дағдылары жетілдіреді, шығармашылық қабілеттері де дамиды. 8.

Өз сабақтарыма мақсат қойғанда оқушыға өз әрекеті арқылы жаңа мағлұмат, білім алуына көмектесуге, жақсы қасиеттердің қалыптасуына, оқушы тұлғасының дамуына жағдай жасауға тырысамын.

Әдебиеттік оқу, Ж. Карбозин «Жиырма тиын»

Сабақтың мақсаты:

1. Ж. Карбозиннің «Жиырма тиын» әңгімесінің мазмұнын ашып, негізгі ойын түсінуге жағдай жасау;
2. Кейіпкерлердің істерін талқылау арқылы оқушылардың сыни ойлауына жағдай жасау;
3. Кейіпкерлерге сипаттама бере отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерге

баға беруге, өзін-өзі тәрбиелеуге мүмкіндік беру;

Дүниетану, Туған — туысқандардың аталуы.

Сабақтың мақсаты:

1. Мазмұнын жан-жақты талқылап, оқушылардың білімдерін кеңейтуге мүмкіндік беру;

2. Туыстық жақындығын жете түсіндіру арқылы оқушылардың ой-өрісінің дамуына жағдай жасау;

3. Өзін-өзі адамгершілікке тәрбиелеуге мүмкіндік беру;

10. Соңғы кездері баспасөзбен байланыс болу керектігін көп айтып жүрміз. Тек өзі үлкендердің, ата-ананың көмегінсіз сыныпта құрған, құрастырған, салған жұмыстарын балалар басылымдарына жіберіп сынап көру де — өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырғанның нәтижесі деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне ықпал ететін факторлар:

- мұғалімнің көмегі;
- ата — ананың демеуі;
- сайыстарға, олимпиадаларға қатысуы;
- шығармашылықпен айналысуы;
- танымал бола бастауы; т/б
- Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалпын құяды. Ол өзгермелі, үнемі даму үстінде болатынын, тоқтап қалмай, үнемі өсу.

26.03.2025 ж № E00049

«Көңілді қоңыздар» жаттығуы

БАГИТОВА КЫМБАТ АМАНГЕЛДЫЕВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

"№13 "Ақмарал" бөбекжайы" МКҚК

Дене тәрбиесі нұсқаушысы

Мақсаты: Балалардың денсаулығын нығайтуға, дене бітімін жақсы қалыптастыруға, қан айналымын жақсартуға көздерін демалтуға, балалардың арқасындағы, қолындағы, табанындағы нүктелерді оятуға арналған.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету.

Көрнекіліктер: қоңыздың киімдері, кілемшелер, ілгектер, тастар, қақпақтар, қылқалам, таяқшалар, т.б.

Шаттық шеңбері:

Біздің топта ұл қыздар

Тату – тәтті ойнаймыз.

Айналаға барлық адамға

Тек мейірім сыйлаймыз.

Нұсқаушы:

Балалар біз күнде ұйқыдан кейін оянуға арналған әртүрлі жаттығуларды жасаймыз. Қандай жаттығулар екенін айтыңдаршы?

Балалар:

Көзге арналған жаттығулар, құлаққа, қол, аяқ саусақтарына арналған жаттығулар. Тыныс алу жаттығулары.

Нұсқаушы: Бүгін біз «Көңілді қоңыздар» жаттығуын орындайық. Музыка әуенімен «Көңілді қоңыздар» жүреді.

Нұсқаушы:

Түс мезгілі, мезгілі

Қоңыздар ұйқыға кірісті.

Қоңыздар көреді түсті

Әдемі сиқырлы әлемді.

Табиғат қандай тамаша

Жыл мезгілі жазда

Айнала жасыл шөптер

Жайқалған әдемі гүлдер.

Қоңыз, қоңыз, қоңызым
Тынығады, ұйықтайды.

Ұйқыдан қоңыздар оянып
Аунап, қунап алады.
Көзімізді ашайық,
Көзге жаттығу жасайық.

Бойымызды жазайық,
Қолымызды созайық.
Жаттығулар жасайық.
Ұйқымызды ашайық.
Оң қолға алып тарақты,
Түрлі массаж жасаймыз.
Сол қолға алып массажды,
Табанға массаж жасаймыз.

Қоңыз, қоңыз, қоңызым
Өрмелеген қоңызым.
Қыбыр – қыбыр жүріспен
Қоңыздар қырға шығады.

Қоңыз шықты ағашқа,
Артында оның баласы.
Күн шапағын шашады,
Қоңыз үйге қайтады.

Әдемі ирек жолдармен,
Лақтарша ойнақтап,
Тастан – тасқа секіріп,
Дем алып, дем шығарып
Қоянша біз жүреміз.
Секіреміз, билейміз.

Аюға ұқсап қорбаңдап,
Қорбаң – қорбаң жүреміз.
Араға ұқсап ызылдап,
Гүлдерге біз қонамыз.

Гүлдің иісін аламыз,
Таза ауаны жұтамыз.
Жалаң аяқ жүреміз.
Табанға біз нүктелі
Массаж жасау білеміз.
Денсаулығым керемет,
Жаттығуға рахмет.

Нұсқаушы:

Балалар бүгін біз «Көңілді қоңыздар» жаттығуын жасап денемізді шынықтырдық. Жарайсыңдар, өте жақсы қатыстыңдар.

Таңғажайып сәт:

Күлдірген келеді:

Сәлеметсіздерме балалар! Мен сендерге өте тамаша тыныс алу жаттығуын алып келдім. «Бөтелкедегі жел» жаттығуы.

Тәрбиеші: Рахмет, Күлдірген таңғажайып сәт болды.

Қимыл-қозғалыс ойыны: Қоңыздар

Ойынның шарты:

Күн шықты дегенде қоңыздар ж-ж-ж-ж-ж деп өрмелеп жүреді. Жаңбыр жауды деген кезде қоңыздар ағаштың астына барып жасырынып қалады.

Қол ұштасып тұрайық

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы

Сау – саламат болайық.

Біз білімді балалар

АБДУЛЛАЕВА СЫМБАТ ОРАКБАЕВНА

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

"№13 "Ақмарал" бөбекжайы" МКҚК

Тәрбиеші

Мақсаты:

Білімділік: Балалардың түстер, пішіндер туралы алған білімдерін бекіту.

Дамытушылық: балалардың ойлау қабілетін, әртүрлі тапсырмаларды ойлап жауап беруге, ойын арқылы логикалық ойлау қабілетін жан-жақты, тіл байлығын, танымын, сөздік қорын дамытудан жалғастыру.

Тәрбиелік: Әдепті болуға, көмектесуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: Қарапайым математика, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.

Көрнекі құралдар: үлестірмелі материалдар, тал, геометриялық пішіндер.

Әдіс-тәсілдер: шаттық шеңбері, сұрақ-жауап, ғажайып сәт, тапсырмалар, трек сызбасы, макет, кубизм.

Шаттық шеңбері: Алақанды ашайық

Күннің нұрын шашайық

Жүректегі жылуды

Қонақтарға сыйлайық.

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Келген қонақтармен амандасады.

- Балалар көңіл-күйлерің қалай

-Тамаша!

- Олай болса, тамаша көңіл-күймен оқу қызметін бастаймыз. Балалар бүгін бізде ерекше оқу қызметі, себебі жыл бойы өткенімізді есімізге түсіреміз.

-Бір шаңырақ астында Апта деген атаның 7 ұлы болыпты.

Қане айтайықшы

-Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

Ғажайып сәт: Маша көңілсіз болып кіріп келеді. Маша:

- Балалар мен сіздерден көмек сұрай келдім. Аю досымды таба алмай жүрмін. Менімен жүріп Аю досымды табуға көмектесесіңдер ме?

-Иә, көмектесеміз.

Тәрбиеші:

- Олай болса балалар біз Машаға көмектесіп, жолға шығайық. Балалар қараңдаршы мына жерде жол бар екен. Осы жолмен жүрейік, мүмкін дұрыс келе жатқан шығармыз.

Гүлзардан айналып жүргенде үшбұрыш пішіннен жол салынған. Сол жолдың соңында Қоян шығады.

- Балалар менің қолымда көктем мезгілінің ерекшеліктерінің суреттері бар., бірақ мен ерекшеліктерінің атауларын ұмытып қалдым. Маған көмектесіңдерші. (Трек сызба арқылы көктем ерекшеліктерінің суреттерін іліп атауларын атайды.)
- Рахмет балалар, көп көмектестіңдер. Мына гүлдерді сен сендерге сыйға тартамын. Аюды мен мына жолда көріп едім осы жолмен жүріңіздер, мүмкін шығып қалар.

Балалар дөңгелек пішінді жолмен жүреді. Гүлзарды айнала бергенде алдынан түлкі шығады.

-Сәлеметсіздер ме, балалар, мені таныдыңыз ба? Қайда бара жатсыңдар өткізбеймін, жібермеймін.

-Түлкі

біз Машаның досы Аюды іздеп жүрміз. Орманда көрген жоқсың ба?

-Көрген жоқпын, мына үйлердің ұқсастығы мен айырмашылығын табуым керек. Өзім інде өмір сүремін, мұның маған не қажеті бар деп ойлап отырмын.

-Жоқ түлкі мұның дұрыс емес, қане балалар үйлердің айырмашылығын табамыз ба? (Балалар салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын тауып береді)

-Ой рахмет балалар, сендер маған көмектестіңдер, сіздерге рахмет, мына гүлдерді сендерге сыйлаймын. Рахмет!

-Ал

балалар жолымыздан қалмайық, - деп төртбұрышты жолға түседі.

Алдынан қасқыр шығады. Қасқыр кубиктердің үстіне отырып алып, жол бермейді.

- Сәлеметсіңдер ме балалар? Қайда бара жатсыңдар, мен сендерді өткізбеймін.

Маша:

- Жоқ қасқыр, мен достарыммен бірге Аюды іздеп жүрмін, жолдан өтейікші.

-Жоқ жібере алмаймын.

-Балалар қараңдаршы қасқыр ненің үстінде отыр?

-

Кубиктің

-Дұрыс, кубик жәй кубик емес онда көптеген суреттер бар екен, соны қасқырға айтып берейік, мүмкін бізден кейін кубикпен ойнайтын болар. Балалар кубикті лақтырып суреттермен жұмыс жүргізеді.

-

Рахмет балалар мен жолда жүрмеймін, кубиктегі суреттерді қасқырларға көрсетіп, ойын ойнаймын. Мен сендерге гүлдерді сыйға беремін.

Балалар жолда келе жатса алдынан аю шығады, ол ағаштың түбінде ұйқтап жатыр екен. Маша балалармен бірге Аюды тұрғызады.

-Мәссаған мен ұйқтап қалыппын, дала қандай керемет, ағаштар гүлдеген, балалар қараңдаршы менің ағашым гүлденбеген, көмектесіңдерші.

-Себебі сен ұйқтаймын деп су құймағансың, топырағы қопсытылмаған. Балалар көмектесеміз бе?

Балалар талдың түбін қопсытып, су құяды, қолдарындағы гүлдерді жапсырады.

-Міне, балалар, ағашты күтіп баптау керек. Сонда ғана біздің ағашымыз әдемі болып өседі. Аю енді сен жақсылап қара, жарайды ма? Маша біз енді кетуіміз керек. Сенің досың табылды.

-Балалар

рахмет, маған аю досымды табуға көмектескеніңізге көп рахмет.

-

Жақсы балалар енді жолымызбен кері қайтайық.

-

Мынау қандай жол?

-Төрбұрышты жол

-

Дөңгелек

- Үшбұрышты

-Балалар біз қандай тапсырмалар орындадық?

-Жарайсыңдар балалар, осымен оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

Дидактикалық ойындар жиынтығы

ДИНЖАНОВА САНИЯШ

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

"№9 "Қызылсай" бөбекжайы" МКҚК

Тәрбиеші

Ойын – бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсінеді. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет-ойын. Ойын-балалар үшін күрделі әрекет. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады, - дейді. Сондықтан ойын адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын.

Мектеп жасына дейінгі балаларға білім беруде, тілін дамытуда, оқу қызметінде дидактикалық ойындарды пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактика – термині гректің «дидактикос», яғни үйретемін деген мағынаны білдіреді. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі.

Ойын әрекеті арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің негізгі ерекшелігі. Білімді меңгерту және оны бекіту үшін, дағды мен әдет қалыптастыруда балаға қайталау және жаттығу қажет. Егер баланың ойлауы образды, эмоциялық әсерде болса, ол соғұрлым жақсы нәтиже береді, сондай – ақ білім қызғылықты әрекетпен байланысты болса, баланың іс – әрекетімен іштей қабысып жатса, ондай білімді бала дұрыс меңгереді.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар-дидактикалық ойындармен және түрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады. Заттық дидактикалық ойындар әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады. «Жаңылтпашты тез айт», «Фонетикалық жаттығулар», «Мақалды жалғастыр» т. б.

Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындарға әр топтың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеледі, сондай — ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түседі және сөздерді дұрыс айтуға, есте сақтауын дамытуға көмектеседі.

Мысалы: «Саққұлақ» ойыны

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, фразалық сөйлеуін дамыту. Қажетті құралдар: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл т. б. Ойын барысы: Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады. Дыбыстар бала оларды табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек.

2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – балаларға арналған қызық сабақ. Түрлері бойынша олар әртүрлі: сыңар суреттер, лото, домино. Ойындарды ойнаған кезде шешілетін тапсырмалар да әртүрлі. Суреттер сыңарын табу ойындары. Мұндай ойындағы ең қарапайым тапсырма – алуан түрлі суреттерден бірдей сыңарларын: түстері, үлгілері және т. б. бірдейлерін табу. Содан соң тапсырма күрделенеді: бала суреттерді тек қана сыртқы белгілерімен ғана емес, сонымен бірге мағынасы бойынша да біріктіреді, мысалы: барлық суреттердің ішінен екі ұшақты табу. Суретте бейнеленген ұшақтар, түсі, пішіні бойынша әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды ұқсатып заттардың бір түріне жатқызып, біріктіреді. Ересектер топтарында тапсырмалардың шешілуі күрделірек: кейбір балалар суреттегі салынған қимылдарды бейнелейді, басқалары суретте кім салынғанын, онда адамдардың не істейтінін, мысалы өрт сөндірушілер отты сөндіреді, теңізшілер теңізде жүзеді, құрылысшылар үй салады және т.б. табады. Мұндай ойындарда жеке тұлғаның осындай құнды қасиеттері: қайта түрленуге қабілеттілігі, қажетті бейнені жасаудағы шығармашылық ізденушілігі қалыптасады.

Мысалы: «Кім алғыр?»

Мақсаты: Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.

Қажетті құралдар: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине. Ойын барысы: Тәрбиеші үстінде ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2 – 3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда»:

Аюды ал жәнәмәшинегеотырғыз.

Аюды мәшиненің ішінен ал.

Мәшинеге қуыршақты отырғыз.

Қуыршақты мәшинемен қыдырт. Бала бұл тапсырмаларды естуі, тусінуі және орындауы қажет. тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ айқын болу керек.

3.Сөздік дидактикалық ойындар. Сөздік ойындар ойнаушылардың сөздері мен әрекетінен тұрады. Мұндай ойындарда балалар заттар туралы түсініктеріне сүйеніп, олар туралы білімдерін тереңдетіп үйренеді. Балалар өздігінен түрлі ойлау тапсырмаларын шешеді: олардың сипаттамалық қасиеттерін бөліп, заттарды суреттейді; суреттеу бойынша табады; ұқсастық және айырмашылық белгілерін табады; әртүрлі қасиеттері, белгілері бойынша заттарды топтайды. Бұл дидактикалық ойындар барлық жастағы топтарда өткізіледі, әсіресе балаларды мектепке дайындауға мүмкіндік беретін, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ерекше маңызды: педагогты мұқият тындай білуді дамытады, қойылған сұраққа жылдам жауап табады, өз ойын дәл және анық тұжырымдайды, қойылған тапсырмаға сәйкес білімді қолданады. Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойындарды сөйлеуді дамыту оқу қызметінде пайдалану, сонымен қатар күн тәртібінің барлық сәтінде жүзеге асырылу тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігімен баланың дүниетанымын, ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, шығармашылығын дамытумен мақсатқа жетеміз. Дидактикалық ойын – адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады. Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған оқу қызметі балаларға көңілді әрі қызықты болады. Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

26.03.2025 ж № E00054

**Мектепке дейінгі ұйымда бала бойына
ұлттық құндылықтарды қалыптастыру**

САТАЕВА ЛЕЙЛА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№9 "Қызылсай" бөбекжайы" МКҚК
Тәрбиеші*

Бүгінгі таңда жас ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған баймұрамыз салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі–дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.

Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі.

Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, мәдениетін, тарихын бойына сіңіріп өсіру-ең маңызды қағидат. Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен педагогтің атқарар рөлі зор.

Білім алудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие. Расында, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі-баршаға міндет» Бүгінгі таңда балаға ұлттық құндылықты дәріптеу, үйрету, санасына сіңіру – отбасынан басталады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген атам қазақ бекер айтпаса керек. Отбасындағы ата-әже, әке –шеше, аға-іні, әпке-қарындас арасындағы сыйластық пен қарым қатынастан

бастау алады. Тәрбие жас ұрпаққа бірінші болып берілуі керек. Егер тәрбие жоқ отбасында- еш бір құндылықтың ізі де болмайды. Ата-анадан кейінгі ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу ұстаздың қолында екені баршамызға мәлім. Олай болса, ақылды ұрпақ тәрбиелеп,ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы: ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары,өз елінің салт-дәстүрін,тарихын,мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері – әдет-ғұрып,салт дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері,жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына сіңіріп,бойына дарыта білу - ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз.Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі -бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болуы қажет. Ал мектепке дейінгі ұйымда педагог баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға

жетелеу арқылы талпындырып отыруы керек. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерімізді үнемі көрсетіп, айтып,қызықтыра білуіміз өте маңызды. Менің алдыма келген әрбір бала жеке тұлға, олардың өз салт-дәстүрі мен мәдениетіне, ұлттық ойынына қызықпайтын бала болмайды. Әрине ол үшін әдіс-тәсілдер мен ойынды баламен бірге ойнау кезінде, бала тәрбие мен дамуында ойынның маңызы зор. Баланы ойната отырып- ұлттық құндылыққа баулуымыз керек. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бірден бір құрал шараларда болсын, пікір-таластар мен сайыстар болсын, спорттық жарыстар, ойындар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отыру керек деп ойлаймын. Баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды да өткізіп отырамыз. Мысалы «Қош келдің, Әз-Наурыз !» мерекелік ертеңгілікте педагогтер бүлдіршіндер мен ата-аналарын қатыстыра отырып, салт-дәстүрден көріністер қойып, бір –бірінің өнерін тамашалап, бағалап қана қоймай, дәстүрді жаңғырта түседі. Бұл орайда бала емес, үлкендердің өзі ұмытылып бара жатқан дәстүрімізге сүйсіне орындап, мақтанышпен жеткізеді. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру,ынтымақтастық орта қалыптастыру, олардың келешек білім алуға даярлауға ықпал етеді. Әсіресе мұндай жұмыстарда екеуаралық кері байланыс міндетті түрде болуы шарт.Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді,әрі қызығушылығы артады. Мұндағы мақсатымыз-қазақтың салт-дәстүрлері арқылы балалардың бойына мәдени, рухани–және адамгершілік құндылықтарды дарыту. Халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан мәдени бай мұрамызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық. «Ел болам десең, бесігіңді түзе»,-дегендей қазақ халқында салт-дәстүр өсіп келе жатқан баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің ұлт өкілі ретінде өсіп, үлгі-өнеге алуына әсерін тигізеді.Сондықтанда осы бағытта жұмыс жасауды отбасы және балабақша болып қолға алған маңызды.Тәрбие мен білім қатар жүретін дүниелер, тәрбие мен білімді бөліп қарауға болмайды. Бұл дүниелер бірін — бірі толықтырып тұратын ажырамас сапа болып саналады. Біздің басты міндетіміз-қазақтың еліне, жеріне,әрбір тау-тасына иелік ете білу сезімін жас ұрпақтың жүрегіне, санасына сіңіру.

Қазақта қандай дүние,қандай рухани байлық болса,сонымен мақтана алатын саналы, интеллектуальдық мінез-құлқы қалыптасқан, өз елінің өзге елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін парасатты да патриотты ұрпақ тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойынның бала өмірінде алар маңызы ерекше. Ойындар жалпы ойлау процесінің икемділігіне, зейініне, қабылдауына, логикасын,қиял ұшқырлығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық ойындардың бала дамуына қосатын рөлі мен маңызы зор.

Баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, жан-жақты тәрбие беруіміздің де маңызы ерекше болып табылады. Сондықтан балаларға әр күнін ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетімен, ұлттық ойындарымен т.б қызығушылықтарын арттыру арқылы жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Отан сүйгіштікке баулу олда үлкен маңызға ие. туымызды жықпай,ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Сондықтан да бала тәрбиесі отбасынан бастау алып, мектепке дейінгі мекемеде дағдыландырып қойман бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы елін дерін сүйетін, мықты тұлға тәрбиелейміз.

Әдебиеттер:

1. Ш. Сейдалиев, Л.Қоныс, Қ. Бағашар «Әдепті бала-арлы бала» — Алматы. «Алтын сақа»

2021ж.

2.

Бағдат Құдияр, Айгерім Аюбек «Отбасындағы 30 сабақ» -Алматы. 2022ж. 3.

Білім жаңалықтары №3 Республикалық ақпарат- әдістемелік журнал 20219

МАЗМҰНЫ

- ТАГАЕВА ВЕНЕРА АЛМАСОВНА
- БАГИТОВА КЫМБАТ АМАНГЕЛДЫЕВНА
- АБДУЛЛАЕВА СЫМБАТ ОРАКБАЕВНА
- ДИНЖАНОВА САНИЯШ
- САТАЕВА ЛЕЙЛА